**«Ақмола облысы білім басқармасының  Қосшы қаласы бойынша**

**білім бөлімінің жанындағы Қосшы қаласының**

**«Амина-2011»  балабақшасы»  жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  аттестациялық**

**өзін-өзі бағалау бойынша қорытындысы**

## БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

**Ақмола облысы , Қосшы қаласы « Амина-2011» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің « Амина» балабақшасы**

| **1.Білім беру мекемесі туралы толық мәлімет** | |
|---|---|
| 1 | **Білім беру мекемесінің толық атауы :**<br>Мемлекеттік тілде :Ақмола облысы , Қосшы қаласы «Амина-2011» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Амина » балабақшасы<br>на русском языке: Детский сад «Амина» товарищество с ограниченной ответственностью «Амина-2011» города Косшы, Акмолинской области |
| 2 | **Білім беру мекемесінің мекен-жайы (юридический адрес и адрес фактического местонахождения):**<br>на государственном языке: Қазақстан, Ақмола облысы , Қосшы қаласы, Республика көшесі , үй 2.<br>на русском языке: Республика Казахстан, Акмолинская область область, город Косшы, улица Республика, дом 2. |
| 3 | **Заңды тұлғаның байланыс мәліметтері : (телефон, электронная почта, Web-сайт)**<br>Сотовый телефон: 87012420620 (меңгеруші)<br>Электронная почта amina2011kosshi @mail.kz<br>Web-сайт: http://amina.aqmoedu.kz/ |
| 4 | **Заңды тұлғаның байланыс мәліметтері*(Ф.И.О. руководителя, копия приказа о назначении на должность)***<br>Кужахметов Есмагзым Казгиреевич -құрылтайшы , 15.09.1953 ж туған, Астана қаласы Жумабаева көшесі 30/4 , тұрады. Бұйрық №1 от18 ноября 2011 ж тағайындалған.<br>Меңгерушісі:Мурзатаева Айнагуль Акантаевна ,білімі жоғары педагогикалық, 2012 жылы "бастауыш оқутыдың педагогикасы мен әдістемелесі" мамандығы бойынша Еуразия гуманитарлық институты бітірген. |
| 5 | **Құрылтайшы құжаттар *(справка/свидетельство о гос. регистрации либо перерегистрации юридического лица. Устав)***<br>Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама ( берілген күні 02.08.2011 ж)<br>Білім беру мекемесі өз қызметінде ЖШС жалғыз құрылтайшысы бекіткен Жарғыны басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды ( Бекітілген күні 03.12. 2011 ж) |
| 6 | **Мектепке дейінгі тәрбие мен білім саласында қызметті бастау туралы құжат**: *(талон о направлении уведомления о начале деятельности в сфере дошкольного воспитания и обучения)*<br>ЖШС « Амина-2011» «Амина» балабақшасы Қосшы қаласы, Ақмола облысында мектепке дейінгі тәрбие мен білімді жүзеге асыратын жеке заңды тұлға болып есептелінеді. |

| | |
|---|---|
| | (Талон уведомления о начале осуществления деятельности в сфере образования № KZ36XXX00004014 от 26.01.2015 г) |
| 7 | **Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты**: әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуеті мен толыққанды дамуын ашу.<br>**Міндеттері:** - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;<br>• баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуы;<br>• интеграцияланған білім беру жағдайында коммуникативтік, танымдық,зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерді дамыту;<br>• баланың мектепте оқуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру;<br>• Отанға, ана тіліне, патриотизмге деген сүйіспеншілікті ояту;<br>• педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;<br>• ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек. |
| **2. Кадрлық әлеуеттің талдауы** | |
| | **Нәтижеге бағытталаған тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын талаптар**<br>Әдістемелік нұсқаулықтың 2 қосымшасы , сілтеме:<br><br>**Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын орындау**<br>Мектептке дейінгі мекеменің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы жоғары дәрежелі педагог-мамандарсыз мүмкін емес, сондықтан да педагогтармен ұйымдастырылатын жұмыстар нәтижелі болуы үшін , ұжымға қабылданған педагогтің ары қарай жұмыс жасап кетуі үшін жағдай жасалу керек.<br>Балабақшада 8 педагог қызмет етеді, оның 6-і топтарда жұмыс жасайтын тәрбиешілер . Барлығы жоғары және арнайы орта білімді мамандар. Бейіні бойынша қайта даярлаудан өткен педагогтардың саны- 2. Балабақша ашылғалы педагогтарының тұрақтануы және сапалық құрамы жағынан өсу динамикасы байқалады.<br>Жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін өзіндік педагогикалық стилі, әдістері мен құралдарды меңгерген педагогтар ұжымы қалыптасқан, біліктілік деңгейі, жоғары білімі, марапаттауларға ие болу көрсеткіші жағынан жылдан- жылға педагогтар құрамының сапасы артуда.<br>Бүгінгі күнге балабақша педагогтарының , 1-педагог –эксперт<br>4- екінші санатты тәрбиеші жұмыс жасайды**.** |

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі,бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру,мамандандырылған,арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары» бойынша қосымша №1 , 2 тарау 21-25 пункттері негізінде Штаттық кесте бойынша қызметкерлер жұмыс жасайды . Бағаланатын кезеңге талдау ж асау үшін қаралған құжаттар: тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері, штаттық кесте қоса беріліп отыр.
Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған тәрбиешілердің сапалық құрамын және т.б.құжаттарды зерделей келе, төмендегі кестелерді ұсынамыз

**Педагогтардың сандық және сапалық құрамы:**

Балабақша жұмысының дұрыстығы кадрлық саясатқа тікелей байланысты.Педагог кадрларды жұмысқа қабылдау барысында, мамандығы «мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру» болуына баса назар аударылады. Басты мақсатымыз кадрлардың сақталып қалуы.Педагог кадрлардың құрамының көп өзгере бермей сақталуы тәрбие мен оқыту процессіне үлкен әсері бар.

| Лауазымдар | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
|---|---|---|---|
| Жалпы педагогтар саны | 10 | 10 | 10 |
| Педагог-тәрбиешілер | 6 | 6 | 6 |
| Меңгеруші | 1 | 1 | 1 |
| Музыка жетекшісі | 1 | 1 | 1 |
| Дене шынықтыру нұсқаушысы | - | - | 1 |

Педагогтардың штаттық кестесі жасалған. Балабақшада штаттық кесте бойынша 10 бірлік қарастырылған. Олардың ішінде қоса атқарушылар 3 (дене шынықтыру нұсқаушысы - 1 бірлік, бірлік ,музыкант-1 бірлік, пән оқытушысы -1 бірлік),
Педагогтардың барлығы педагогикалық және бейіні бойынша кәсіби білімдері бар.Барлық педагогтар мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сай кәсіби қызметтерін атқарады, оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік қамтамасыз етілуін жүзеге асырады, тәрбие мен оқыту үрдісін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерін меңгерген.

**Жалпы педагогтар туралы мәлімет**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Хореограф | 1 | 1 | - |
| Қазақ тілі мұғалімі | 1 | 1 | 1 |

Алдыңғы жылдармен салыстырғанда педагогтардың саны 2 -ге артты . Бұдан көретініміз балабақшадағы тәрбие мен оқу үрдісіне тартылған педагогтардың саны артқан сайын , жүргізілетін жұмыс пен сапаның көтеріліп келе жатқаны деп білеміз.Қоса атқарушыларды ұжымға тарту , кадр мәселесін шешіп отыр.Қазақ тілі , дене шынықтыру оқу қызметтерін жүргізуге Астана қаласынан жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері тартылды. Санаты жоғары мұғалімдердің ұжымға келуі ұжымдағы тәрбиешілерді мотивациялауға , нәтижеге бағыттау, әдістемелік көмек көрсетуде оң ұмтылыс беруде.
Балабақша тәрбиешілері мен педагогтардың кәсіби өсуі мекеме алдына қойған міндеттердің бір басымдылығы болып саналады.

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| Білімі | Оқу жылы | | |
|---|---|---|---|
| | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 |
| Бейініне сәйкес келетін жоғары білім | 3 | 3 | 4 |
| Бейініне сәйкес келетін арнаулы орта білім | 4 | 4 | 4 |
| Педагогикалық қайта даярлау | 0 | 2 | 2 |
| **Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтардың саны** | 3 | 1 | - |
| Барлық педагогтар | 10 | 10 | 10 |

**Педагогтардың квалификациялық санатын көтеру/бекіту туралы мәлімет (5 жылда 1 өтетін)**

| **Санат** | 2020 Жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Педагог-шебер | | | | |

4)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагог- зерттеуші | | | | |
| Педагог- сарапшы | | | | 1 |
| Педагог-модератор | | | | |
| Жоғары санат | | | | |
| Бірінші санат | | | | |
| Екінші санат | 5 | 5 | 5 | 5 |
| Педагог | | | | |
| **Барлығы** | 5 | 5 | 5 | **6** |

2024 жылдың 3 ақпанында балабақшада қоса атқарушы есебінен 1 педагог-сарапшы ,ол Долькей Ш.дене шыңықтыру нұсқаушысы және «педагог-сарапшы » қосылды. Педагогтардың 100 пайызының бейініне сәйкес келетін құжаттары бар.

**3 жылда бір өтетін басшылар мен педагог кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәлімет**

Тәрбиешілер, педагог-мамандар білім беру және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысады.

Педагогикалық кадрлар курстық даярлықтан өту бойынша балабақшаның перспективалық жоспарына сәйкес және Қосшы қаласының білім бөлімінің кестесіне сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырады. Өткен жылдармен салыстырғанда білілктілік курстарынан өту деңгейі жоғарылаған.

| Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | «Өрлеу» біліктілікті арттыру АҚ | Білім орталықтары арқылы өтетін курстар |
|---|---|---|---|
| 2021-2022 | 10 | 1 | 3 |
| 2022-2023 | 10 | 1 | 2 |
| 2023-2024 | 13 | 1 | 4 |

Тәрбиешілер тек ақылы және оқу орталықтарының курстарынан өтуге мәжбір еді. 2022 жылдан бастап білім бөлімі тарапынан мемлекеттіктапсырыс бойынша « Өрлеу» АҚ базасында курстан өтуге қол жеткіздік. Педагогтардың курста алған білімдері олардың кәсіби шеберліктерінің шыңдалуына оң әсерін тигізіп отыр.

**Қорытынды:** балабақшадағы педагог кадрладың сапалық және сандық құрамы мекемеде барлық бағыттар бойынша табысты білім беру қызметін жүзеге асыруға , оқу-тәрбие процесін талаптарға сай жүргізуге сәйкес келеді. Мектепке

дейінгі мекемедегі кадр саясаты педагогтардың құрамының жақсы үйлестірілген жұмысына, педагогтардың кәсіби өсуін арттыруға, жалпы мектепке дейінгі мекеменің дамуына ықпал етеді. Балабақшада санаттары бар тәрбиешілер жетіспейді. Бұл Қосшы қаласындағы тұрғындардың ішкі миграциясына байланысты болып отыр. Жұмысқа қабылданған тәрбиешілер отбасы және әлеуметтік жағдайына байланысты тұрақтамайды. Тәрбиешілердің біліктілік санаттарын арттыруға ынталандыруға бағытталған мақсатты жұмыс жүргізу қажет.Мектепке дейінгі мекеменің басшысының аттестациядан өтуі туралы мәлімет:Балабақша меңгерушісі Мурзатаева Айнагуль Акантаевна басшы ретінде аттестациядан өткен жоқ.

**3.Тәрбиеленушілер контингенті**

1) **Тәрбиелеу мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар**

*Әдістемелік ұсынымдағы 3-қосымшаға сәйкес таблица, сілтеме:*

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемесінде балаларды қабылдау, балабақша контигентін құрау Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық рұқат беру құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Балабақшада тәрбиеленушілерді жасақтау ашықтық, жариялылық қағидаттарына негізделеді. Осы рәсімнің мақсаты барлық азаматтар үшін мектепке дейінгі тәрбиеге жалпыға бірдей қол жетімді болу қағидатын және мемлекеттік тапсырыс негізінде олардың балаларына арналған мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) таңдау еркіндігі қағидатын қамтамасыз ету болып табылады.

**Жасына байланысты тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер**

| Топ атауы | Жас топтары | Бала саны | Олардың ішінде | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2 жас | 3 жас | 4 жас | 5 жас |
| **2021-2022оқу жылы 113** | | | | | | |
| **№1 «Күншуақ»** | Ортаңғы топ | 22 | | 22 | | |
| **№2 «Солнышко»** | Ортаңғы топ | 20 | | 20 | | |
| **№3 «Балапан»** | Ересек топ | 11 | | | 11 | |
| **№4 «Жұлдыз»** | Ересек топ | 20 | | | 20 | |
| **№5 «Қарлығаш»** | Мектепалды топ | 16 | | | | 16 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **№6 «Ақбота»** | Мектепалды топ | 24 | | | | 24 |
| **2022-2023 оқу жылы 116** | | | | | | |
| **№1 «Күншуақ»** | Ортанғы топ | 25 | | 25 | | |
| **№2 «Солнышко»** | Ортанғы топ | 17 | | 17 | | |
| **№3 «Балапан»** | Ересек топ | 24 | | | 24 | |
| **№4 «Жұлдыз»** | Ересек топ | 16 | | | 16 | |
| **№5 «Қарлығаш»** | Мектепалды топ | 16 | | | | 16 |
| **№6 «Ақбота»** | Мектепалды топ | 18 | | | | 18 |
| **2023-2024оқу жылы /қыркүйек/110** | | | | | | |
| **№1 «Күншуак»** | Ортаңғы топ | 24 | | 24 | | |
| **№2 «Солнышко»** | Кіші топ | 23 | 23 | | | |
| **№3 «Балапан »** | Ересек топ | 14 | | | 14 | |
| **№4 «Жұлдыз»** | Ересек топ | 11 | | | 11 | |
| **№5 «Қарлығаш»** | Мектепалды топ | 21 | | | | 21 |
| **№6 «Ақбота »** | Мектепалды топ | 17 | | | | 17 |

2) **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәлімет**

*Балабақшада Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ*

3) **Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәлімет**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде балабақшадағы топтар бірдей жастағы принцип бойынша жасақталған

**2021-2022 оқу жылы**

| Топ атауы | Жас топтары | Балалардың туған жылдары |
|---|---|---|
| **«Күншуақ»** | Ортанғытоп | 2018 |
| **«Солнышко»** | Ортанғы топ | 2018 |
| **«Балапан»** | Ересек топ | 2017 |
| **«Жұлдыз»** | Ересек топ | 2017 |
| **«Қарлығаш»** | Мектепалды даярлық топ | 2016 |
| **«Ақбота»** | мектепалды даярлық топ | 2016 |

**2022-2023 оқу жылы**

| | | |
|---|---|---|
| **«Күншуақ»** | Ортанғы топ | **2019** |
| **«Солнышко»** | Ортанғы топ | **2019** |
| **«Балапан»** | Ересек топ | **2018** |
| **«Жұлдыз»** | Ересек топ | **2018** |
| **«Қарлығаш »** | Мектепалды даярлық топ | **2017** |
| **«Ақбота»** | Мектепалды даярлық топ | **2017** |

**2023-2024 оқу жылы**

| Топ атауы | Жас топтары | Балалардың туған жылдары |
|---|---|---|
| **«Күншуақ»** | Ортанғы топ | **2020** |
| **«Солнышко»** | Кіші топ | **2021** |
| **«Балапан»** | Ересектоп | **2019** |
| **«Жұлдыз»** | Ересек топ | **2019** |

| | | |
|---|---|---|
| **«Карлығаш»** | Мектепалды топ | **2018** |
| **«Ақбота »** | Мектепалды топ | **2018** |

4)

**Білім алушылар( тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер**

| Топтардың атауы | Тәрбиеленушілердің қозғалысы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқу жылы басындағы бала саны | Оқу жылы ішінде келген бала саны | Оқу жылы ішінде кеткен бала саны | Оқу жылы соңындағы бала саны |
| **2021-2022 оқу жылы 113** | | | | |
| **«Күншуақ» ортаңғы топ** | 16 | | | 22 |
| **«Солнышко» ортаңғы топ** | 17 | | | 20 |
| **«Балапан» ересек топ** | 14 | | | 11 |
| **«Жұлдыз» ересек топ** | 20 | | | 20 |
| **«Қарлығаш» мектепалды топ** | 13 | | | 16 |
| **«Ақбота» мектепалды топ** | 24 | | | 24 |
| **2022-2023 оқу жылы Барлығы 116** | | | | |
| **«Күншуақ» ортаңғы топ** | 17 | | | 25 |
| **«Солнышко» ортаңғы топ** | 12 | | | 17 |
| **«Балапан» ересек топ** | 15 | | | 24 |
| **«Жұлдыз» ересек топ** | 17 | | | 16 |
| **«Қарлығаш» мектепалды топ** | 14 | | | 16 |
| **«Ақбота»мектепалды топ** | 20 | | | 18 |
| **2023-2024 оқу жылы / қыркүйек/110** | | | | |
| **«Күншуақ» ортаңғы топ** | 24 | | | |
| **«Солнышко» ортаңғы топ** | 23 | | | |
| **«Балапан» ересек топ** | 14 | | | |
| **«Жұлдыз» ересек топ** | 11 | | | |
| **«Қарлығаш» мектепалды топ** | 21 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Ақбота» мектепалды топ** | 17 | | | | |

**Қорытынды:** Балалар бақшасы балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтайды. Үлгілік оқу жоспарын игеру мерзімі тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдағанға дейін сақталады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ.

**Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер:**

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы негізінде

Тәрбиеленушілерді мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20883 болып тіркелген) жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі мекемеге мемлекеттік білім беру тапсырысы мекеменің интернет ресурстарында жарияланады.Атап айтқанда Instagram, Facebook, Akmola kz, балабақшаның ресми сайтында беріледі. Мекеме ғимаратында мемлекеттік қызмет көрсетуге арнайы бұрыш ұйымдастырылған, қызмет алу алгоритмі түсіндірілген стенд қойылған. Кез-келген ата-ана ақпарат алуға және өздігінен қызмет алуға жағдай бар.

**Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар**

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларында

Жас кезеңдері мынадай:

1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;

2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

**2021-2022 оқу жылында**

**Стандартқа сәйкес ерте жас тобының жас кезеңдері және жас топтары мынадай:**

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;
ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);
кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ).
Топтар санитариялық қағидаларға сәйкес толықтырылады.

**Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:**

1) ерте жас тобында (1 жастан бастап) - ұзақтығы 7-10 минут (7 сағатты);
2) кіші топта (2 жастан бастап)-ұзақтығы 10-15 минут (9 сағатты)
құрайды.

Ерте жастағы баланы дамыту оның жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Балалардың дамуындағы жетістіктерін қадағалау олардың әрекет түрлерінде белсенділігін бақылау барысында жүзеге асырылды.

**Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – оқу жылының басындағы толық жасы) мынадай:**

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:
орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);
ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ).

Балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің кәлемі:

- ортаңғы топта (3 жастан бастап) - ұзақтығы 15-20 минут (11сағатты);
- ересек топта (4 жастан бастап) - ұзақтығы 20-25 минут (12 сағатты)

құрады.

Балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- ортаңғы топта (3 жастан бастап) - ұзақтығы 15-20 минут (11,5 сағат);
- ересек топта (4 жастан бастап) - ұзақтығы 20-25 минут (12,5 сағат).

**2022-2023 оқу жылы**

Жас кезеңдері мынадай:

1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;
2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды:
кіші топ – 2 жастағы балалар;

| | |
|---|---|
| | ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;<br>ересек топ – 4 жастағы балалар;<br>мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.<br>**2023-2024 оқу жылында**<br><br>Жас кезеңдері мынадай:<br>1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;<br>2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.<br>Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды:<br>кіші топ – 2 жастағы балалар;<br>ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;<br>ересек топ – 4 жастағы балалар;<br>мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.<br><br>**Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау**<br>Талдау нәтижелері:Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу мынаны көрсетті. Балабақша тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде меңгерген тиісті білім, білік, дағдыларды меңгерген көлемін көруге болатын талдау жасалады.<br>Балабақша топтарының дайындық деңгейін балаларының біліктері мен дағдыларының игеру бойынша оқыту нәтижелерінде қанағаттанатынын көрсетті. |
| **4. Оқу-әдістемелік жұмыс** | |
| 1) | **Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар**<br>Балабақшаның оқу-әдістемелік жұмысы нормативтікқұқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған. |

Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

## 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;

5) республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Балабақшаның миссиясы – балабақшада балалардың жеке басын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін бірыңғай жағдайлар жасау; сауықтыру; балалар мен ата-аналардың қоғамда табысты әлеуметтенуіне жағдай қалыптастыру; балаларды, ата-аналар мен педагогтарды қолдауға жан-жақты психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік көзқарасты қамтамасыз ету.

Болжанатын нәтиже:

1.Бала тұлғасының жетекші ерекшеліктерін қалыптастыру: тәуелсіздік, белсенділік, табандылық, қызығушылығы, қарым-қатынасы, шығармашылық қабілеттері мен өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.

2.Балалық шақтағы сырқаттанушылықты азайту, салауатты өмір салтын насихаттау, қозғалыс пен шынығудыңалуан түрлерін меңгеру.

3.Тәрбиеленушілерді оқытудың мазмұны мен технологияларын жаңарту.

4.Оқу процесінің жаңа құрылымын құру.

5.Мұғалімдер мен балалардың өзара іс-қимылының студенттік-орталықтандырылған моделіне толық ауыса отырып, дамушы ортаны құру.

6.Балалардың психофизикалық денсаулығын жақсарту.

7.Инновациялық режимге көшу.

8.Қазіргі заманға тез бейімделуге қабілетті баланың тұлғасын қалыптастыруға және дамытуға жағдай жасау, баланың интеллектуалдық, жеке, әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасауға бағытталған кешенді тәсілді жүзеге асыру.

**Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.**

**Перспективалық жоспарды** оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық

| | |
|---|---|
| | жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (қазақ және орыс тілдерінің мұғалімі, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б.) өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.<br>**Циклограмма** әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.<br>Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.<br>2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап", "Шұғыла", "Балапан" оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.<br>2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:<br>- ойын арқылы оқыту;<br>- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).<br>Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.<br>***Электрондық нұсқада 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі.***<br>Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай–ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін **Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).**<br>Мониторинг мақсаты:<br>- баланың жетістіктерін бақылау;<br>- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету; - түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру; |

- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету ісшаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

*Электрондық нұсқада 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 / бастапқы/ оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.*

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білімберетін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралыәдістемелік нұсқау хат негізінде 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде төмендегідей ерекшеліктерді енгізуді қарастырдық:

- дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекет тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізуді ұйымдастыру;
- балаларды дамытуда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу;
- эмоционалды қолайлық пен баланың жеке басын дамытуға жағдай жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз ету;

**Қорытынды :**Оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

| | |
|---|---|
| | бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған, мазмұнына сәйкес. |
| | *Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспарлары :* |
| | *Бағалалантын кезеңге ұйымдастырылған оқу әрекетінің кестелері* |
| | *Бағаланатын кезеңге перспективалық жоспарлар мен циклограммалар* |
| 2) | **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті,жеке,бейімделген,қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті,жеке,бейімделген,қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру**<br>Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы және шет тілдерін үйрету бойынша жұмыс болып табылады.<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің типтік оқу жоспарына сәйкес әр жас топтарында вариативтік компонент енгізілген. Вариативті компонент ұйымдасқан оқу іс әрекетінен тыс шығармашылық іс-әрекет, ойын, жеке жұмыстар, өзіндік жұмыстар формасында өткізіледі. Вариативті компонентің жоспары Қосшы қаласы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті бекітеді. Вариативтік компоненттің мазмұнында балабақшаның жұмыс жасау бағытына, педагогтардың жұмыс жасайтын мәселеріне бағытталуы қарастырылған. Вариативті компонент күннің екінші жартысында өткізіледі. Топтардың жас ерекшелігіне орай 15 минуттан 30 минутқа дейін созылады.<br>**2021-2022оқу жылы**<br><br>2021-2022 оқу жылында<br>**<u>Қазақ тілінде тәрбиеленіп оқытылатын топтарда:</u>**<br>Ортаңғы топтағы апталық жүктеме -11 сағаттық инвариативті және 1 сағаттық вариативті компонентті құрады, барлығы - 12 сағат.<br>Ересек топтағы апталық жүктеме - 12 сағат инвариативті және 2 сағат вариативті компонент, барлығы -14 сағат.<br>Мектепалды даярлық топтағы апталық жүктеме - 17 сағат инвариативті және 3 сағат вариативті компонент, барлығы - 20 сағат жүргізілді. |

**Орыс тілінде тәрбиеленіп оқытылатын топтарда:**
Ортаңғы топтағы апталық жүктеме -11 сағаттық инвариативті және 1 сағаттық вариативті компонентті құрады, барлығы - 12 сағат.

